

Егемен Қазақстан

Egemen.kz

# **Жалған Пафос немесе қазақ өлеңіне суицидтік сарын қайдан келді?**

Абай туралы ең көп айтылатын сөз қайсы? «Абайдың қозғайтыны – іштің қайғысы». Байқайсыз ба, бұл өте ыңғайлыштың позициядан айтылған сөз.

Ешкім жоққа шығармайды, дауласпайды. Сөзсіз мойындалған пікір кейде әдебиетте қауіпті болады. Әрі қарай ойлай алмайсың, ойыңды дамыта алмайсың. Ал бұған біздің аздаған уәжіміз бар.

Абайды оқысаң, жүргегінің түбіне байланған шердің тарқатылып сала беретіні рас. Бірақ «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман» деген данышпан, «қайғыға баттым» деп тұрған жоқ. «Қайғы ойладық» деп тұр. Бәлкім, бұл сөзді ауыспалы мағынада да түсінуге болатын шығар. Десе де «қайғы ойлау» тіркесі талдауға көбірек тартып тұр. Тіл ережесіне салсақ, «қайғы ойлау» – заттанған тұйық етістіктің бастауыштың қызметін атқаратын тұрі. Яғни «қайғы ойлаудан» кейін қандай да бір әрекет жасалуы керек. Бұл жерде жоғарыдағы тіркес өзінен өзі қайғыны талдауға шақырмай ма?!

Жалпы, мұндай ерекшелік Абай өлеңдерінің тақырыпты талдауға бейім табиғатын көрсетсе керек. Әйтпесе, кейінгі ақындар қайғыға салынуды өз шығармашылығының жетістігі санайды. Онымен қоймай, Абайдан бастап, бәріміз «қайғылымыз» деп есептейді.

Герольд Бельгердің «шығармада кейбір сөздің орынсыз артық қолданылғанын басқа тілге аударғанда білесің» деген пікірі бар еді. Кей ақынның өлеңіндегі алып бара жатқан не қайғы екені де шет тілдерге аударылғанда білініп қалатын сияқты. Алғашқысында аудармашы мәтіндегі басы артық сөздердің не жүк арқалап тұрғанын түсінбей дал болады. Ал кейінгісінде ақынның айтып отырған қайғысының нақ себебін таптай қиналады.

Шын мәнінде аудармашыға ақынның бұл өлеңді жазғанда қандай күйде болғаны аса қажет бола қоймас. Ол қанша талантты аудармашы болса да, автор сияқты жан толқытқан сезімге де беріле алмауы мүмкін. Оның есесінде метафораларды түп негізін сақтап аудару, ойды бүрмаламай жеткізу – міндет.

Бір сөзбен айтқанда, ол, аудармашы, ақынның осынша қайғылануының себебін түсінікті етіп аударып беруге тиіс. Сондықтан оған бүгінгі ақындарды аударғаннан гөрі, Сұлтанмахмұтты аударған әлдеқайда оңайырақ. Сұлтанмахмұтта өз басындағы да, ел басындағы да қайғының себептері анық атап айттылады. Бар-жоғы жиырма жеті-ақ жыл ғұмыр кешкен ақын жастықтың қызығына алданбаған ба, себепсіз өлең жазбаған ба деп қалғандайсың.

Әрине, көңіл күй, табиғат, махаббат сезімдері бір бөлек әңгіме. Бірақ оның өзін де Абай әлеуметтік әділетсіздікке тіреп қояды. Жүйрік атты жазса, кейбі-реудің қолы жетпей қор болғанын да айтпай кетпейді. Табиғатты жырласа, оның қызығын да елдің бәрі бірдей тең көрмейтініне соқпай өтпейді. Махаббатты да елдің мұн-шерімен ұштастырып жібереді.

Ал енді қазіргі көп ақынның жазып жүргені не қайғы екенін түсіну қыын. Мұнымыз өмірде олар жазатында қайғы-қасірет жоқ деген сөз емес. Қайта ақынның күйзелуіне себеп болған да, болатын да қайғы-қасірет көп. Бірақ бұл қазақ ақындары көп еліктеген Маяковскийдің де, Есениннің де заманы емес.

*Для веселия  
планета наша  
мало оборудована.  
Надо  
вырвать  
радость  
у грядущих дней.  
В этой жизни  
помереть  
не трудно.  
Сделать жизнь  
значительно трудней.*

Орыстың дүр ақыны Владимир Маяковский мына жалғаннан баз кешкен Есенинді осылай мұқаған екен. Бірін бірі ұнатпаған осы екі ақынның екеуі де өздеріне қол салып өлді. Ал біздің солар қатарлы ақындарымыз өздеріне қол салған жоқ. Оларды өлім жазасына кесіп, жазықсыз атып тастады. Айырмасы жер мен көктей емес пе?!

Мағжан Жұмабаевты 1938 жылы қырық төрт жасында ату жазасына кесті. Ол Есенин сияқты отыз жасында асылып қалған жоқ. Маяковский сияқты отыз жеті жасында атылып өлген жоқ. Қанша құғын-сүргін көрсе де, ол екеуіндей депрессияға да түспеді.

Қараңызшы, інісі Оспанның өлімін Абай қалай талдайды: «Жайнаған туың жығылмай, Жасқанып жаудан тығылмай, Жасаулы жаудан бұрылмай, Жау жүрек жомарт құбылмай, Жақсы өмірің бұзылмай... Жақсы өліпсің, япырмай!».

Міне, Мағжан Жұмабаев та өлімді солай талдайды. Оның жыры: «Қажыдым енді, күш бітті, Көңілсіз, салқын, күн бұлтты, Жел бұйығып тербелед, Әлдекімнің өлгенін, Оны қалай көмгенін, Әңгіме ғып күңіренед. Жел, күңіренбе, жасың тый» деп келеді. Осындағы «Мені де, өлім, әлдиле» деген жолды суицидтік мағынада теріс түсіндіретіндер көп. Егер солай болса, Мағжан тап осы өлеңінде: «Қолына ала ту алып, Қылышын қанға суарып, Тау суындаі тасыған, Қарақат көзін қан жауып, Қабағынан қар жауып, Ойын салған жас ұлан» деп жазбас еді. Бұл өлең

жоқтау, жұбату һәм шаһид кеткен жастың өлімін талдау екені қөрініп түрған жоқ па?

Абайға сөз айта алмаймыз, ал Мағжан рухы өте мықты кісі. Ішкі қуаты зор, ерік-жігері күшті ақын. «Ол өлген жоқ, орманда елуінші жылдарға дейін тірі жүрді», деген сөз содан шыққан болуы керек.

Жалғыз Мағжан ғана емес, Илияс Жансұғиров те, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлар де өзін өзі өлтірген жоқ. Оларды өздері аса зор құштарлықпен сүйген өмірден зұлымдықпен қүштеп айырды. Айырмасы бар ма, бар болғанда қандай?!

Ендеше қазақтың кейінгі ақындары Есенинді неге пір тұтты? Неге бірінен кейін бірі Есенинге өлең арнады? Бірінен бірі іліп әкетіп жырлайтында, бұл неғылған эстафета?!

Қазақ ақындарының басқалардан ерекшелігі, өлімге берілмей, рухты өлеңдер жазған. Қасым Аманжоловтың ауыр науқас үстінде жатып шығарған «Өзім туралысы» да бастан-аяқ өлім мен өмірді талдауға құрылған. «Сен неткен бақытты едің келер ұрпақ» деген өлең жолы аурудан азап шегіп жатқан адамның қандай қайсар ақын екенін білдірмей ме, мысалы. Мұқағалидың да жазылmas дерптен алысқан сәтте туған «Емханада» атты өкінішке толы өлеңі бар. Өлеңінің тақырыбын «Емханада» деп, тал қармағандай қарапайым етіп қойғанын көрмеймісіз.

Өкінішті...

*Мына құрғыр сырқаттың беті құшті.*

*Жүргім көтеріліс жасап жатыр,*

*Бұзбақ болып кеудемде бекіністі.*

Өкінішті...

*O, Жүрек!*

*Менің алтын қазығым-ау!*

*Қайтейін, қажыдың-ау.*

*...Қытықтаған бауырдың*

*«назы» мынау.*

*Қажыдың-ау, байғұсым, қажыдың-ау!*

*Не істемекпін?*

*Жаным-ай, саған шипа істемек кім?!*

*Жаралғанда бүтін ем, үш бөлекпін:*

*Жүргім – Африка, бауырым – Кипр,*

*Миым – Мұзды мұхиттай...*

*Не істемекпін?..*

Осы ақындардың өмірге құштарлығы көп ешкімге сабак болмай жүр. Өліммен бетпе-бет келгенде, өлеңге сырын ашқан неткен рух десеңізші. Өздері депрессияға түссе де, өлеңдері депрессияға түспеген. Құлбілтелемей айтсақ, Есениннің де, Маяковскийдің де серті жүқса да, дерті жүқпаған.

Әдетте пафосты асқақ үн деп қана түсінеміз. Шындығында, Мұқағалидың «Жан азасы» (реквием) да пафос. Пафос – эпос сияқты күреске толы шығарма. Онда өмірді ғана емес, өлімді де талдайды. Жай адам қабылдай бермейтін сезімдер жырланады. Мұндай шығармалар сонысымен де құнды, сонысымен де өресі биік.

Осымен қатар түп-тамырсыз жалған пафос деген де бар. Жалған пафос шындықтың бетіне тура қарай алмаған кезде туады. Олар өздерінің бойындағы осалдықты жалған пафоспен жасырғысы келеді. Оның арғы жағынан көп оқымайтын білімсіздіктің де төбесі көрініп қалады.

Мен жақында өмірде өте қайғылы болып көрінетін сондай бір ақынның өлеңдерін оқыдым. Өлеңдерінің де жарқын жақтарынан, қайғылы жақтары көбірек. Бірақ ештеңенің атын тура атамайды.

Маяковскийдің феномендік тұлғасы осы арада еріксіз тәнті етеді. Ол қалың тобырдың алдында қаймықпай өлең оқып тұра алады. Маяковский өзімен кетсін десеңіз, оның орнына:

*«Узнаю вас по взгляду,  
серая раса –  
сволович!»*

– деп Олжас Сүлейменов шығады.

Қазақ оқырманына қазір де осындей ашық позициядағы өлеңдер керек. Ал ақындардың жанын жеген қайғы, мұң, шерге келсек, көбі дәрменсіздіктің көрінісі, басқа түк те емес. Байқасаңыз, ондай өлеңдер алғашқы әсермен ғана өмір сүреді. Екінші қайтара оқысаңыз, мәнін жоғалта бастайды. Үшінші рет ол өлеңді қайта оқуға беттей алмай қаласыз.

Осы арада қазақта бұрын-соңды депрессиялық әдебиет болмағанын еске сала кеткіміз келеді. Өздері мен кейіпкерлері депрессияға тусуі мүмкін, бірақ қазақтың әдебиеті депрессияға түспеген. Бұл әсіресе ауыз әдебиетінен келе жатқан рухы биік поэзияға жат ағым.

«Жылап туып, кейіп өлгенше» депті Абай. Қазақ әдебиетіндегі екінші мықты ақын Мағжан десек, ол туған әдебиеттің платформасын ғана жасап қоймаған, өз өлеңдерін де сол асқақ рухты платформада құрған. Одан кейінгі мықты ақын ретінде Қасым Аманжоловты атасақ, оның да «Өзім туралысымен» қазақ өлеңінің жаңа сападағы бағдарламасын жасап кеткенін көреміз. Ұлы идеялардың көбі аңызben аяқталатынын ескерсек, ондай аңызды қазақ поэзиясындағы келесі бір мықты ақын Мұқағали Мақатаев қалыптастырды деуге болады. Бірақ Мағжан бастаған мықты ақындардың ешбірі де Есениндер мен Маяковскийлердің тағдырын қайталамапты. Демек өмірдегі былай тұрсын, өлеңдегі суицид те қазақ поэзиясына мұлдем жат деген сөз.

Ендеше осы бір жат ұғым қазақ топырағына қайдан келді деген сұрақ туады. Сонымен бірге көкейінде ол жалғыз келді ме деген де күмән тұрады. Қазақ топырағында суицид деген дерт болмаған еді ғой деп

айқай салғың келеді. Егер солай болғанның өзінде, ол қазақ поэзиясында дәріптеген тақырып емес пе еді?!

Оның басты себебі, қазақ ақындары дін, діл, дәстүр ұштағанының тұғырында нық тұрған тұлғалар болатын. Ал қазір сол тұғыр табанға тіреу болмай, тайып кеткендей ауада асылды да қалды. Бүгінгі замандас ақындардың біразының қолдан қайғы, жолдан тағдыр жасап, жалған пафосқа ұрынып жүргені содан ба деп ойлайсың.

Қазір қазақ поэзиясында қайғы тақырыбын Абайша талдап жазатын бес-алты ақын бар. Тыныштықбек Әбдікәкімде образды талдау, Светқали Нұржанда эмоциональды талдау, Мейірхан Ақдәүлетте психологиялық талдау, Серік Ақсұңқарұлында агрессивті талдау басым. Егер осылай жөнін тауып жазса, қайғы тақырыбы ақындар үшін балдан тәтті емес пе?!

Жоқ, қазір шын қайғының орнын жалған пафос басқан. «Қайғы жоқ болса, ақындар оны өздері іздең табады» деген цитата да табыла кеткен. Оны қандай данышпан айтса да, Абайдың «Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме» дегеніне мұлдем қайшы!

Ойда-қырда қазақ поэзиясына деген маҳаббатымызben бірге, алаңдаушылығымыз барын да осыдан білерсіз. Өңгесін қайдам, өзін қарғайтын өлең жазған ақынды көргенде, көптен көкейде жүрген күдігіміз тіpten ұлғая тұсті. Біздіңше бұл да жалған пафос, ал ұлт ақындары жазатын шындық мұлдем басқа!

Есениннің мықты екенінде дау жоқ, бірақ біз үшін Мағжан одан да мықты. Біздіңше, қазақ өлеңі өз платформасына қайта оралмаса, осы адасқаны адасқан. Өзгенің бишігінде билегендей түпсіз қайғыға батып, жаппай солықтауға бой алдыру қазақ өлеңінің табиғатына мұлдем жат!

Қанша технология дамыған заман десек те, поэзия қазақта оқырманы мен тыңдарманы ең көп жанр болғанын ұмытпасақ етті. Өлеңге оқырманды қайта оралту үшін де жаңа талқы, соны талдау, қала берді ұлт әдебиетіне негізделген тың теория керек дер едік. Эйтпесе:

«Теория, сен шындықты ашпасаң, Поэзия, мен сенімен қоштасам. Ақындарың неге керек аш, масаң, Шындығыңды жыр етпейтін ешқашан!»...

Соңғы шумақ үшін туған әдебиетіміздің шын жанкүйері ретінде қазақ өлеңінің туын ұстаған ақындарымыздан кешірім өтінем! Біздікі де ұстаған туың биік болсын деген сөз, басқа түк те емес!

**Жұсіпбек ҚОРҒАСБЕК**